

«Ә.Ермеков атындағы мектеп-лицейі» КММ-де 2023 жылдың 5 маусымында балалардың жазда сауығып, дұрыс демалуын ұйымдастыру, олардың денсаулығының күшейіп, әрбір баланың интеллект, тұлға ретінде жетілуіне оңтайлы, қолайлы жағдай жасау мақсатында, «Балалардың игілігі үшін» халықаралық балаларды қорғау күніне арналған республикалық акция аясында «Жазсап» жазғы сауықтыру лагері салтанатты түрде ашылды, «Біз бақытты баламыз» флэшмобы, «Балалық шақтың жұлдызды сәттері» атты мерекелік концерті, «Әрқашан күн сөнбесін!» асфальтқа сурет салу сайысы, «Шынықсаң шымыр боларсың!» спорттық сайыстары өткізілді. Жазғы сауықтыру лагерінің ашылуына орай ұйымдастырылған ісшаралар соңында барлық қатысқан лагерь тәрбиеленушілеріне мектеп арендаторы тарапынан тәтті сыйлықтар таратылды.



2023 жылдың 6 маусымында мектеп жанындағы балалардың сауықтыру лагері оқушылары театрға барып қайтты.



«Жазсагр» жазғы сауықтыру лагері



2023 жылдың 7 маусымы күні Қарағанды қаласының №3 емханасының бас маманы, жоғары санатты психологы Солдатова Светлана Христофоровна «Балалар еңбегін қанауға қарсы 12 күн» Ұлттық ақпараттық науқанына байланысты іс-шаралар жоспарына сәйкес мектеп жанындағы сауықтыру лагерінің оқушыларына “Бақытты балалық шақ” тақырыбында тренинг-ойындар өткізді. Шараның басты мақсаты – балаларды ауыр жұмыс істеу баланың денсаулығына зиян екендігін және әрбір бала - ешбір қиындықсыз, жарқын өмір сүруге тиіс екендігін ұғындыру; жазғы демалыс кезеңінде оқушылардың ауыр жұмысқа тартылмауының алдын алу.

